

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

#### Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

**1 - секция. БІЛІМ БЕРУ МЕГАТРЕНДТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПЕДАГОГТИҢ  
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА ӘСЕРІ**  
**Секция – 1. МЕГАТРЕНДЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ  
ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГА**

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Асылбекова М.П.**

п.ғ.к., профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.  
[marziya\\_asylbekova@mail.ru](mailto:marziya_asylbekova@mail.ru)

**Аннотация.** Данная статья позволит выявить аспекты деятельности и профессионального развития работников системы образования, тесно связанные с толерантностью, выделить некоторые важные моменты понятия "толерантность", а также рассмотреть направления формирования этого качества среди руководителей педагогических вузов. Также стало выясняться, что процесс развития в современной экономической, политической и социальной сферах невозможен без взаимодействия человечества с природой, другими людьми, обществом в период полноценного изменения состояния человечества. Это требует совершенствования уровня толерантности всех членов в отношении этого процесса. Это связано с тем, что правильное взаимодействие с окружающей средой, умение принимать мысли других людей-одна из предпосылок к успеху.

**Ключевые слова:** толерантность, общество, воспитание, образовательные организации, профессиональное качество, когнитивный компонент.

**Abstract.** This article will identify aspects of the activities and professional development of education workers closely related to tolerance, highlight some important points of the concept of "tolerance", as well as consider the areas of formation of this quality among the heads of pedagogical universities. It also became clear that the process of development in the modern economic, political and social spheres is impossible without the interaction of mankind with nature, other people, society during a full-fledged change in the state of mankind. This requires improving the tolerance level of all members in relation to this process. This is due to the fact that proper interaction with the environment, the ability to accept the thoughts of other people is one of the prerequisites for success.

**Key words:** tolerance, society, education, educational organizations, professional quality, cognitive component.

Толеранттылық – өте сирек кездесетін қасиет. Толерантты тұлға - өзінің көзқарасын, сенімдерін дәлелдеуге тырыспай-ақ, өзгелердің шешімдеріне құрметпен қарайтын тұлға. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін бұл өте қажетті кәсіби сапалардың бірі.

Педагогикалық толеранттылық деп белгілі бір іс-әрекетке және педагогикалық қызметке қатысты жалпы толеранттылықтың белгілі бір түрі. Бұл білім беру үдерісінің субъектілері арасындағы айырмашылықтардың құндылығы мен құрметтейтін педагогтің іс-әрекетінің жеке сапасы мен қағидасы.

Толерантты басшы өз мәлімдемелерін үнемі бақылайды, келіспеушілік пен конфликттерді шешуге негізделген кәсіби дағдыларды меңгеріп, қолданады. Сондай-ақ, шешім қабылдауда және қызметтік бағдарламаларды дайындауда әріптестерінің де өз үлестерін қосуына ықпал етеді, басқалардың ұстанымдарын бағалай алады, мәдени өзгешеліктерді білуге және олардың жұмыс орнында көрініс табуына жағдай жасайды.

Қазіргі таңда қоғам рухани қиын кезеңдерді бастан кешіруде. Басты құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығының жойылуы рухани дағдарысқа әкеліп соғуы мүмкін.

Сондықтан да, білім берудің басты міндеттердің бірі қоршаған ортаның сан алуан түрлілігінің құндылығын түсінетін және қабылдайтын, жауапты, сыни тұрғыдан ойлана алатын, пікірталас жүргізе алатын, қарсыластың дәлелдерін дәлелдей алатын және ескеретін тәуелсіз шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу болып отыр.

«Толеранттылық» латынның «tolero» етістігінен шыққан, бірақ ғалымдар мен зерттеушілер арасында «толеранттылық» терминінің ғылыми қолданысқа қашан енгендігі туралы ортақ пікір жоқ. Кейбір ғалымдар тобы, ХҮІІІ ғасырда француз философы, экономисі және саясаткері Дестут де Трейси енгізген деп мәлімдесе, басқалары бұл терминді терминін ағылшын иммунологы П.Медовар деген пікірде. Алайда, энциклопедиялық сөздікте «толеранттылық» ұғымына психологияға жақын мағынада келесідей сипаттамалар берілген: организмнің экологиялық факторлардың қолайсыз әсеріне төзімділігі; басқа адамдардың пікірлеріне, сенімдеріне, мінез-құлқына деген төзімділік; организмнің иммунологиялық қарсылығы [1].

«Толеранттылық» ұғымы кең қолданысқа енгеніне қарамастан оның психологиялық маңыздылығын түсіну қажет болып отыр. Үлкен психологиялық түсіндірме сөздікте «толеранттылық» ұғымының үш мағынасы берілген: біріншіден, толеранттылық басқалардың мінез-құлқы, сенімдері мен құндылықтарын либералды қабылдауға арналған құрал ретінде; екіншіден, стрессті, шиеленісті, ауырсынуды және т. б. Шыдамдылық таныту; үшіншіден, дәрі-дәрмектерге төзімділік ретінде [2].

Педагогика саласында толеранттылық мәселесі кәсіби білім беру жүйесін реформалауға, гуманизм принциптерін жариялауға, білім беруді дараландыруға және тұлғаны дамытуға байланысты ерекше маңызды болды. Толеранттылықтың негізі өзара сенімділік мен түсіністікте жатыр. Бұл көптеген конфликттердің алдын алуға және олардың жағымсыз салдарын жеңуге көмектеседі [3].

Алайда, толеранттылық көптеген өзге де факторлармен мысалға, жеке тұлғаның өмірлік ұстанымына, көзқарастары мен сенімдеріне, әлеуметтік тәжірибесіне, отбасылық тәрбиесінің сипаттамаларына сондай-ақ, жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне, болып жатқанына жағдайларға жауап беру қабілетіне де байланысты.

Е.В.Рыбактың пайымдауынша, толеранттылық маңызды кәсіби сапа және жұмыс жасаудың негізгі шарты, адамның ажырамас сипаттамасы ретінде анықтайды. Генезис тұрғысынан толеранттылық «бірнеше күштердің бір бағытта әрекет етуінің нәтижесі» деп санайды және «жеке қасиеттер мен олардың сипаттамаларын жан-жақты қамтитын және біріктіретін көріністері» деген тұжырымдама ретінде қарастырады [4].

Толеранттылықтың негізі, ең алдымен, ақыл-ойдың, интеллекттің, шығармашылықтың дамуы болып табылады.

Білім беру ұйымдарының басшыларының маңызды толеранттылығының құрамдас бөліктерінің бірі когнитивті компонент болып табылады, яғни, өз идеялары мен кез-келген жағдайдың күрделілігін, өлшемін, субъективтілігін сезінуі және қабылдауы.

Философияда «когнитивті» термині «білімді жинақтау тәжірибесі, олардың табиғаты туралы кейіннен олар туралы пікірлер қалыптастыра отырып, білімді қабылдау тәжірибесі» деп түсінеді [5].

Біздің ойымызша, білім беру ұйымдарының басшылары үшін когнитивті компонент ерекше маңызды. Басшылар үшін терең білім мен кәсіби дағдылардың белсенді дамуына алып келеді сөзсіз.

Зерттеушілер, әдетте, басшылар мен оқытушылар арасында да, толеранттылықтың когнитивті компоненті көрсеткіштерінің орташа мәндерін атап өтеді.

Оқытушылардың мінез-құлқында авторитаризм, категоризм, консерватизм және басқа адамдарға өз ықпалын көрсетуге деген ұмтылыс басым, бұл көбінесе білім беру үдерісінде дәстүрлі пәндік-объектілік қатынас типінің салдары болып табылады.

Сондықтан, кәсіби педагогикалық білім берудің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – өркендеуші қоғам талабына сай мамандардың арасында толерантты, яғни олардың білімге

деген көзқарасы ашық, басқа адамды түсінуін, онымен нақты ынтымақтастыққа ұмтылысын тәрбиелеу.

Білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби іс-әрекетінің негізгі түрі - оқытушылармен кәсіби қарым-қатынас жасау.

«Адам-тұлға» жүйесі шеңберінде білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатының күрделілігін ескере отырып және оның кері байланыс принципіне негізделетіндігі басшыларға оның жеке іс-әрекет стилін дамыту қажет, бұл оның педагогикалық толеранттылығын қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің авторитарлық, демократиялық, либералды стильдері бар [6]. (Бордовская Н.В., 2003).

Авторитарлық стильді пайдаланатын және қол астындағы қызметкерлердің кез-келген бастамасына қарсы көзқараста болатын басшы толерантты бола алмайды.

Демократиялық стильді қолданатын басшы оқытушылардың бастамаларын шебер қабылдайды және проблемалық мәселелердің шешімдерін іздеуді ұйымдастырады, басшылық жасайды және тұжырым жасауға көмектеседі, өз қызметі барысында дамиды, сонымен қатар педагогикалық толеранттылыққа ие. Дәл осы іс-әрекет стилі қызметкерлердің мотивациясының артуына, білім беру үдерісінде білім беру субъектілерінің өзара қарым-қатынасының дұрыстығына және әр қызметкерге құрмет пен, сыйластық сезімін тудырады.

Либералды стиліне тән ерекшелік - бұл нақты педагогикалық ұстанымның болмауы, сондықтан мәселелерді шешу көбінесе формальды болып келеді. Басшы қызметкерлердің қажеттіліктері мен ұсыныстарын қанағаттандыруға тырысқанымен, олардың жеке дамуына бағыт бере алмайды, сондықтан ол қызметкерлерімен үнемі толерантты қарым-қатынас жасай алмайды.

Толеранттылықты дамытудың екі тәсілі бар.

1. Толеранттылық интолеранттылыққа қарсы құрал ретінде: адамдардан жағымсыз, агрессивті немесе қастық сияқты реакцияларды тоқтату талап етіледі, оларға жауапкершілікке артылады. Халықаралық адам құқықтары стандарттарында, заңдарда, мектеп жарғыларында осындай тұжырымдамалар мен шектеулер бар. Олар басқаларға деген құрметті ең төменгі деңгейде көрсетеді, ал егер бұл сақталмаса, адамдар шыдамсыздық күйіне ауысады. Бұл стандарттар сондай-ақ, қандай әлеуметтік жағдайлардың қолайсыз екендігін және мінез-құлықтың қандай формаларынан бас тарту қажеттігін айқындайды.

2. Адам құқықтарын іске асыру үшін жағдайлар жасау. Тәрбиелеу үдерісінде бұл ашық қатынастарды дамыту, мәдени айырмашылықтарға қызығушылық, әртүрлі мәдениетті тану, әділетсіздікті айыра білу және оны жеңу үшін іс-әрекеттер жасау қабілетін жетілдіру, сондай-ақ келіспеушіліктерді сындарлы түрде шешу және конфликтті жағдайларды бейбіт жолмен шешу жолын табу, татуластыру [7].

Педагогикалық толеранттылықты қалыптастырудың тиімділігі білім беру ұйымдары басшыларының өзіндік стилінің қалыптасу деңгейімен айқындалуы мүмкін: акмеологиялық, рефлексивтік, коммуникативті және мотивациялық-құндылық [8].

Қызмет барысындағы басшы мен қызметкерлердің қарым-қатынасы мен олардың кәсіби дамуын акмеологиялық құрылымға жатқызуға болады. Бұл құрылым басшының кәсіби біліктілігін, басшыға тән жеке-іскерлік дағдылары мен шығармашылығын жетілдіруге бағыт беретін сала.

«Басшы-қызметкер» жүйесінің өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтап, бағалауды рефлексивті компонент тұрғысынан қарастырған тиімді. Бұл жүйеде ортақ мақсат қоюдың маңыздылығы арта түседі, бірге іздену ортақ мақсатқа тез жетумен ерекшеленеді. Сондай-ақ, көптеген қиын жағдайларды шешімін алдын-ала табуға үлкен септігін тигізеді.

Педагогикалық толеранттылықты қалыптастыруда басшылар үшін қажетті құрылымның бірі - коммуникативті компонент болып табылады. Басшы мен қызметкерлердің қарым-қатынасындағы өзіндік ұстанымдарын жеткізе білу мен соған сай іс-әрекет ұйымдастырылуы керек.

Демек, бұл үдерісте ұстанымдық байланыстың маңыздылығы арта түспек. В.И.Слободчикова, ұстанымдық өзара әрекеттесу әр ұйымдық құрылымда емес, «жалпы құндылықтар мен мағыналар негізінде» біріктірілген адамдар қауымдастығында ғана жүреді [7].

Басшылардың іс-әрекетінің жеке стилінің коммуникативті құрылымы– коммуникативті, ұйымдастырушылық дағдыларды, оқу іс-әрекеті үдерісінде толерантты болу, конфликттік жағдайлардың шешудің тиімді әдістерін құрайды. Педагогикалық толеранттылық пен басшылардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың ең маңызды құрылымы деп, мотивациялық-құндылық құрылымын қарастыра аламыз. Себебі, басшылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, оның коммуникативті, мәдени дағдыларының дамуына әсер етеді. Бұл өзін-өзі жетілдіруге бағытталатын құндылықтар жиынтығы деп санаймыз.

Толеранттылық тек жеке қасиет қана емес, сонымен қатар кәсіби сапа деп те қарастырылады. Педагогикалық ортада, нақтырақ келсек, басшылар үшін білім беру үдерісіне қатысты барлық субъектілердің көңіл-күйін, кәсіби және жеке мінездік қасиеттерін қабылдай білу, түсіну және қолдап отыру жетістікке жетудің алғышарттары болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Советский энциклопедический словарь/Под ред. Прохорова А.М. – М., 1986.-1341с.
2. Ребер А. Большой толковый психологический словарь.Т.2. – М., 2000. 361с.
3. Тутушкина М.К. Практическая психология для преподавателей. – М.: Информационно-издательский дом «Филинь». – 1997. - 323с.
4. Рыбак Е.В. Формирование толерантности у студентов высших учебных заведений: дис. канд. пед. наук. – М., 2003.
5. Кубрякова Е. С. и др. Краткий словарь когнитивных терминов / под ред. Е. С. Кубряковой. – М.: МГУ, 1997. -245 с.
6. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика: учеб. для вузов. - Питер, 2003.204с.
7. Борытко Н.М., Соловцова И.А., Байбаков А.М. Введение в педагогику толерантности. - Волгоград, 2006.-21с.
8. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Основы психологической антропологии. Психология человека: введение в психологию субъективности. – М., 1995.

## МЕГАТRENДЫ В ОБРАЗОВАНИИ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ

**Абуова Дарина Женысовна**

Казахский высший педагогический колледж им.Ж. Мусина, г. Кокшетау, Казахстан

**Аннотация.** На сегодняшний день определены преобладающие тренды в контексте развития профессионального образования. Современное развитие международного профессионального образования определена усилением массовых процессов – демографических, технологических, экономических, переходом к новому технологическому укладу, возрастанием конкуренции, формированием глобального общества знаний и экономики знаний и т.д.

**Ключевые слова:** мегатренд, образование, компетенция, мегатренды в образовании.

**Abstract.** To date, the prevailing trends have been identified in the context of the development of vocational education. The modern development of international vocational education is determined by the strengthening of mass processes - demographic, technological,